УДК 653.075

В. А. Торба (09-NМЭ-1), Ю. В. Баталов (ШҚМТУ)

Аңдатпа

Магистрлік диссертацияның тақырыбы – «Шығыс Қазақстанның экономикалық жүйесіндегі кластерлік құрылымдарды дамытудың стратегиясын қалыптастыру».

Магистрлік диссертацияның негізгі сөздері кластер, экономикалық жүйе, бәсекеге қабілеттілік, стратегия, кластерілік өзара қатынас, өндірістік әлеует болып табылады.

Зерттеу нысаны Шығыс Қазақстан өңірінің өнеркәсіптік кластері болып табылады, атап айтқанда, тау-кен өндірісінің, машина жасау және металлургия кластерлері.

Ұсынылған магистрлік диссертация 90 бетте берілген, онда 17 кесте, 5 сурет, 4 формула, 6 қосымша, 34 әдебиет көздерінен алынған библиографиялық тізім бар.

Кіріспеде осы зерттеу жұмысын жүргізудің қажеттілігі дәлелденген, сонымен қатар зерттеудің мақсаты, міндеттері, зерттеу нысаны, әдістері, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы көрсетілген.

Бірінші тарауда кластердің теориялық аспектілері экономикалық дамудың тұжырымдамасы ретінде қарастырылған, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының стратегиясы, сонымен қатар экономикалық кластерлердің жіктелуі, оларды қалыптастыру барысында туындайтын принциптері мен негізгі әсерлері берілген.

Екінші тарауда Шығыс Қазақстан өңірінің экономикасындағы кластерлік құрылымдар жұмысын талдау және бағалау берілген, сондай-ақ ШҚО өнеркәсіптік кластерлерінің өндірістік әлеуетіне талдау жасалған.

Үшінші тарауда өңірдегі өнеркәсіп кәсіпорындарының келісімді дамуының стратегиялық басымдықтары мен олардың өндірістік қызметінің өзара

байланысына қатысты мәселелер, сонымен қатар өңірдегі және республикадағы интеграциялық үрдістерді ескере отырып, кластерлік құрылымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың жолдары қарастырылған.

Қорытындыда негізгі тұжырымдар мен Шығыс Қазақстан өңіріндегі кластерлік құрылымдардың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалған.